



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР КІМГЕ ТАПСЫРЫЛМАҚ?



Қыркүйек айында цифрландырудың платформалық моделіне көшуге қатысты қоғамда үлкен дау туған еді. Соған орай Парламент Мәжілісіндегі «Ақ жол» ҚДП фракциясы депутаттары ҚР Премьер-министрі А.Маминнің атына сауал жолдаған болатын. Олар жұртшылық арасында қызу пікірталас тудырған түйткілді мәселелерді жүйелеп, үш сұраққа топтастырды.

– Біріншіден, аталған келісімді өткен жылдары цифрландыру бағдарламаларына бюджеттен бөлінген қаржының тиімсіз жұмсалғанын мойындау деп бағалауға бола ма? Егер солай болса, онда өткен жылдары мемлекеттің нақты қанша қаржысы мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыруға жұмсалды және оның тиімсіз жұмсалғаны үшін жауапкершілік кімнің мойнында? Екіншіден, осы келісімді дайындау кезінде отандық немесе ең мықты халықаралық IT компаниялардың мүмкіндіктері ескерілді ме? Оны дайындау барысы ашықтық пен адал бәсекелестікке қаншалықты сай болды? Үшіншіден, келісімді іске асыру барысында ақпараттық қауіпсіздік мүдделері қалай қорғалады?

(Соңы 3-бетте)



АДАМ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША
УӘКІЛДІ ҚҰЗЫРЕТІ
АРТТЫ

3-бет



ПАНДЕМИЯ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
АУРУДЫ ӨРШІТТІ

5-бет

ПАРЛАМЕНТ



БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ КЕДЕРГІ КӨП

Бұл жөнінде жуырда Парламент Мәжілісінде өткен дөңгелек үстелде айтылды. Мәжіліс депутаттары, министрліктер мен ведомстволардың, парламенттік емес саяси партиялардың, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сондай-ақ қауымдастықтар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысқан жиында кәсіпкерлікке мемлекеттің қатысуын қысқарту және адал бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау жайы әңгіме өзегіне айналды.

Жиын тізгінін ұстаған Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Альберт Раудын айтуынша, заң шығарушы органның төменгі палатасында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралып жатыр екен.

(Соңы 5-бетте)

БАСТАМА

ТҮЛЕГЕН, ТҮРЛЕНГЕН ҚАЗҰУ



ҚазҰУ-дан қанаттанып шыққандықтан мұндағы ізгі істерге ішіміз жылып, тосын хабарға елендеп

ТАРИХЫН ТЕРЕҢГЕ ТАРТҚАН ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – ЕЛІМІЗДЕГІ МАҢДАЙАЛДЫ БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ БІРІ. БҮГІНДЕ МЕМЛЕКЕТ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖҮРГЕН БІЛІКТІ КАДРЛАРДЫҢ КӨПШІЛІГІ ОСЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ. МЫҚТЫ МАМАНДАР ҰСТАХАНАСЫНА АЙНАЛҒАН УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ЕШҚАШАН НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАҒАН. СЕБЕБІ ҚАЗҰУ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ӨЛШЕМІ ҒАНА ЕМЕС, БАСҚА БІЛІМ ОРДАЛАРЫНЫҢ БАҒЫТ-БАҒДАР АЛАР АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ ІСПЕТТЭС. ЖАҚЫНДА ОСЫ АЙТУЛЫ УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРЫ ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ӨКІЛДЕРІН АРНАЙЫ ЖИНАП, БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫН ӨТКІЗДІ.

жүретін қашанғы әдегіміз. Содан болар, білім ордасынан жеткен шақыртуды қуана қабылдадық. Әрі бұл сүйінші жаңалықтың басы ғана екен.

Журналистер алдымен қалашық аумағын аралап, күрделі жөндеуден өткізілген оқу ғимараттары мен жатақханаларда болып, мәдени-әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты. Шындығында бұрынғы ҚазҰУ мен қазіргі ҚазҰУ-ды салыстыру мүмкін емес. Қалашық ішін аралағанда оған анық көзіміз жетті.

Небары алты айдың айналасында университеттегі баяғы түсі оңған қоңыр есік, бор жұқпайтын кара такта, жұпыны үстел, орындықтың бәрі ауыстырылған екен. Керегелер мен аудитория іші де көзге жайлы ақшаңқан түске боялыпты. Едендегі жыртылып, өңі кеткен линолиумдардың орнын ашық түсті паркет басқан. Күн суытса жылу ұстамайтын көне терезелерді де ауыстырып, сапалы, жаңа терезелер қойылғанын байқадық.

(Соңы 3-бетте)

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Мұрат ӘБЕНОВ, мемлекет және қоғам қайраткері:

– Электрондық үкіметті енгізу бойынша Ресей Қазақстаннан едәуір артта келе жатыр. БҰҰ-ның ғаламдық рейтингі бойынша Қазақстан 195 елдің арасында 29-орында, ал Ресей 36-орында тұр. Ресейдегі серіктестерімен тығыз байланыс жасайтындар олардың цифрландыруда біз үшін үлгі бола алмайтындығын мойындайды. Қазақстандық портал жұмысының алғашқы он жылында (2006–2016 жж) шамамен «электрондық үкіметті» құруға 46 млрд теңге, жыл сайын ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу шығындарына 9 млрд теңге және қосымша әзірлемелерге 17,3 млрд теңге жұмсалды.

Электрондық үкіметтің игілігін көріп жүрген әрбір ел тұрғыны оны одан ары қарай дамытуға қатысты шараға бейжай қарамайды. Сбермен арадағы келісімге қатысты алаңдаушылық соның нәтижесі деуге болады. Сондықтан да біз бұл мәселеге қатысты қоғам қайраткерлерінің пікірін сұраған едік.

Есенжол АЛИЯРОВ, саяси ғылымдар докторы, профессор:

– Электрондық үкіметті дамытуға қатысу жайлы әңгіменің көп болуы заңды. Өйткені, қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан нәтижесі көңіл көншітіп жатқан жоқ. Сондықтан енді оны үнемді пайдаланып, жұмыс сапасы нәтижелі болса халық та құптайды. Халық тек көзбояушылыққа қарсы. Электрондық үкімет бүгінгі күнде ең керек зат екенін ешкім жоққа шығармайды. Мәселенің бәрі қаржысы үнемді, іс-тәсілдері сапалы болуында ғана болып тұр. Сол себепті бұл талап сақталса Сбермен келісімге де соншалықты қатты күмәндануға болмайды. Өкінішке қарай біздің үкіметтің бір кемшілігі өзінің істеген ісін ашық жасамайды.

(Соңы 3-бетте)

БАСТАМА

ТҮЛЕГЕН, ТҮРЛЕНГЕН ҚАЗҰУ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Әсіресе, журналистер қауымы әр қабаттағы дәретханаға бас сұғып, «патшалар жаяу баратын» жердің жағдайын білуге тырысқан. Мұнда да мүлтіксіз тазалық, жоғары сапа. Бәрі айнадай жарқырап тұр.

Студенттердің таза, жарық жерде құнарлы ас ішіп, дұрыс тамақтануына да ректордың айрықша мән бергені байқалады. Бұрын бұрыш-бұрыштағы елеусіз жерге орын тепкен асханалардың қазіргі келбеті тіпті керемет. Онда жастардың талғамы, қажеттілігі толық ескерілген. Сондықтан асханалар ауқаттанатын ғана емес, ыңғайлы жерде отырып сабаққа дайындалатын, достармен бас қосатын заманауи орталыққа көбірек ұқсайды. Бір терезе қағидатымен жұмыс істейтін «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы да көңілден шықты. Бұл орталықтан жастар құжаттандыруға қатысты барлық мәселесін бір жерден шеше алады. Сонымен бірге, студенттерге алысқа

бармай-ақ бір жерден ем-шара жасайтын медициналық диагностикалық орталықтың да артықшылығы жетерлік екен.

Кездесу барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Қансейітұлы оқу орнының даму бағдарламасы, кампусты жаңғырту жоспары және атқарылған жұмыстар туралы баяндап, журналистердің сұрақтарына жауап берді. Қазір университет құрамында 16 факультет, 68 кафедра, 8 ғылыми-зерттеу институты және 29 ғылыми орталық бар. Соның ішінде басшы медициналық диагностикалық орталық, Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы мен Ыстықкөлдегі спорттық-сауықтыру лагерінің жұмысына ерекше тоқталды. Бұған қоса бүгінде 140-қа жуық ғылыми және оқу-зерттеу зертханасы іске қосылған.

Университет басшысы өз сөзінде жоғары оқу орнында оқытушыларды материалдық жағынан ынталандыруға ерекше көңіл бөлінетініне тоқталды.

Мәселен, биыл жалақы екі рет көтерілді. Бірінші рет ақпанда 20 пайызға өссе, екінші рет Білім және ғылым министрлігінің нұсқауына сәйкес, 1 қыркүйектен бастап белгіленді. Қазір мұғалімнің ең төменгі жалақысы – 285 мың, аға оқытушыға – 312 мың, қауымдастырылған профессорға – 389 мың, про-

фессорға 500 мың теңге көлемінде белгіленді.

ҚазҰУ-да 650-ден астам білім беру бағдарламасы жұмыс істейді. Биыл ең өзекті әрі перспективалық бағыттар бойынша 100-ден астам жаңа оқу бағдарламасы іске қосылды. Олардың қатарында неврология, киберфизика,

биологиялық инженерия, роботтық жүйелер, жаратылыстану мен инженерлік-техникалық бағыттағы табиғи және технологиялық тәуекелдер енді. Әлеуметтік-гуманитарлық бағытқа: мемлекеттік басқару және қоғамдық қауіпсіздік, цифрлық экономика, креативті индустриялар, медиа-коммуникация, ақылды қала экономикасы сияқты мамандықтар бар.

Бүгінгі күні жоғары оқу орнының инфрақұрылымын модернизациялау жұмысы өте қарқынды жүріп жатыр. Биыл 7 оқу ғимаратында косметикалық жөндеу жүргізілді, 3 оқу ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуда. 14 жатақхана жөндеуден өтіп, студенттерге қазіргі заманға сай жағдай жасалды. Кампустың аумағы абаттандырылып жатыр. Университет ұжымы 600-ден астам ағаш отырғызды, Елбасы саябағы, ағаштар аллеясы ашылды.

Ректор білім беру мен ғылымның озық инфрақұрылымын заман талабына сай дамытуда әлі де ауқымды жұмыстар атқарылатынын айтты. Жатақханалар ескірген, көпшілігінде пайдалануға берілгеннен кейін күрделі жөндеу жүргізілмеген. Коммуникация жүйесі аяқталмаған жағдайда. 15 мыңға жуық студент жатақханаға мұқтаж. Соңғы студенттік жатақхана 1991 жылы салынып, пайдалануға берілген. Оқу ғимараттары тозған. Инженерлік желілер мен коммуникацияның жағдайы сын көтермейді. Жаңа ғимараттар мен жатақханалар қажет.

Осыған байланысты кампусты дамытудың 2025 жылға дейінгі жұмыс жоспары жасалды. Білім және ғылым министрлігінің Қаржы орталығымен бірлесіп жатақханалар салуға инвесторлар тарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, қазір бюджетке түсетін жүктемені азайтатын шетелдік инвестицияларды тартудың түрлі тетіктері қарастырылуда.

Айнұр САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

Пікір

Анар САЛҚЫНБАЙ,
әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің профессоры:

Университетіміз аз ғана уақыттың ішінде түрленіп шыға келді. Біз үшін бұл үлкен қуаныш. Еліміздегі жетекші оқу орнының бірі болғандықтан қарашаңыраққа ат басын бұратын, тәжірибе алмасу үшін арнайы келетін қонақтар баршылық. Шетелдік меймандарға көрсетер жаңалығымыз да, мақтанар нәтижелеріміз де аз емес. Алайда, дәретханаға апарғанда шер шұқып, басымызды көтере алмай қалатын едік. Тіпті, бұрынғы ректорымызға кіріп дәретханаға айна қойып берсеңіз деп өтініш те айтқан кезім болды. Бірақ, өтінішім айтылған жерде қалды...Мына күрделі жөндеуден кейін жүзіміз жарқын болып, қонақтарға университетті қорықпай аралататын болдық!

Оқытушылар ешқашан дәл қазіргідей жоғары айлық алып көрмеген. Бұл еңбекті бағалаудың, қол астындағыларға қолайлы орта қалыптастырудың үлгісі. Ректорымыз студенттердің де пікірін тыңдап, олардың да сапалы білім алуына, сапалы азамат болуына бар мүмкіндікті қарастырып отыр. Ендігі міндет – барды бағалап, тек сапаға жұмыс істеу.

Рая ЕСКЕНДІР,
«Алматы ақшамы» газетінің тілшісі:

Бүгінгі кездесу журналистер қауымының басын қосқан айтулы шара болды. Ректор Жансейіт Түймебаев ашық пікірталасқа қашпайтынын тағы бір рет дәлелдеді. Әрі осы қадамы арқылы басшы өз ісіне жауап беретінін, бастаған ісін аяқсыз қалдырмайтынын дәлелдесе керек. Тек соған мүмкіндік берсек болғаны.

Кездесудің жинақы, мазмұнды өтуі Қаншайым Байдаулет жетекшілік ететін баспасөз қызметінің жүйелі жұмысының нәтижесі десек шынықтықтан алыстай қоймаймыз. Оның үстіне, ақпарат орталығына Гүлзат Нұрмолда, Алматы Исиділ, Гүлнар Жұмабайқызы секілді отандық журналистиканың ең мықты мамандары іріктелген екен. Бұл алдағы уақытта университет пен қоғам арасындағы алтын көпірдің үзілмейтінін аңғартады. Өзіміз түлеп ұшқан оқу орнындағы көз қуантар өзгерістердің барлығына көңіліміз толды. Жақсы істер жалғасын таба берсін!



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ



Бауыржан МҰҚАНОВ,
Алматы І станциясы Желілік полиция басқармасының бастығы

Өзгерістің барлығы өмірлік қажеттіліктен туындайтыны белгілі. Құқық қорғау органдары жаңғыртулардан сырт қалған емес. Халықпен тікелей жұмыс істеп, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға кепіл болып отырғандықтан полицияның қоғам сұранысына сай дамуы міндет. Осы-

СЕРВИСТІК ПОЛИЦИЯ МОДЕЛІ СЕҢІМГЕ БАСТАЙДЫ

ны алға тартқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталатын Жолдауында полицияны бағалау өлшемдерін түбегейлі өзгерту қажеттігін айтып, полиция қызметінің сервистік модельге көшуі қажеттігін қадап айтты.

Шындығында барлық озық елдерде полиция институты сервистік модель негізінде дамып келеді. Президент тапсырмасынан кейін біз де осы модельге көштік. Соған орай «Полицияның сервистік моделінің» жаңа тұжырымдамасы әзірленді. Өйткені бұған дейінгі тәжірибелер көрсеткендей, өзге елдердің озық тәжірибесін көшіріп алу, өзгеріссіз қолдану жақсы нәтиже бермейді. Кез келген бастаманы жасарда халықтың менталитеті, таным-түсінігі басты назарда ұсталуы шарт. Сонда ғана істен оң нәтиже шығады. Соған орай

«Халыққа жақын полиция» қағидатын ұстанатын бұл модель барысында қылмыстылықпен күрес ең алдымен құқықбұзушылықтың алдын алуға, мәселенің себебімен емес, салдарымен күресуге бағыттталып отыр.

Сервистік бағдарланған полиция қызметі – полиция мен қоғам арасына алтын көпір орнатуды, құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті ынталандыра отырып, полиция қызметкерлеріне деген сенімді нығайтып, серіктестік қағидаттарын дамыту бойынша іргелі жұмыстар қолға алынды. Сервистік модель – қоғаммен сындарлы диалог орнатудың сенімді тетігі. Жолдауда жүктелген тапсырмаға сәйкес қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде жергілікті қауымдастықпен әріптестік қатынас орнату да өз шешімін тауып келеді.

Биылғы жылы азаматтарға құқықтық кеңес беру, түсіндіру жұмыстарын жүргізуге көңіл бөлінді. Себебі қылмыстың алдын алу үшін насихат жұмыстарын мейлінше көбейту керек. Осыған орай бұқаралық ақпарат құралдарында полицияның сервистік моделін түсіндіру, қылмыстың алдын алу, қауіпсіздікті сақтауға көпшілікті жұмылдыру бағытында ауқымды іс-шаралар атқарылды. Полиция мен халық арасындағы сенімді нығайтуда ақпараттық қызметтің маңызы өте зор. Сонымен бірге, желілік ішкі істер басқармасының жұмысын жандандыру мақсатында көп жерлерге бейнебақылау камералары орнатылды. Бұл да қауіпсіздікті сақтауға көмектесетін пәрменді құрал. Темір жолға жақын орналасқан тұрғындармен кездесу ұйымдастырып, қауіпсіздікті сақтауға байланысты түсіндіру жұмыстары да тұрақты ұйымдастырылады. Өйткені,

қараусыз малдың, жауапсыз азаматтардың кесірінен пойыздарды кідіртуге, тоқтатуға тура келіп жатады. Мұндай жағдай қаншама тұтынушының құқығын таптап, жоспарланған ісінің жүзеге аспауына алып келеді. Сондықтан бұл бағытта да тұрақты түсіндірме өткізу керек. Алматы қаласының, Алматы облысының жергілікті әкімшіліктеріне хат жазып, желілік жол бойына қоршаулар қою, малдың жолға өтіп кетпеуін қадағалау туралы өтініш айтылды. Қазіргі кезде тепловоздардың 60 пайызы бейнетірегішпен қамтылған. Бұл заңсыздықтарды тез анықтап, қылмыстың алдын алуға көмектеседі.

Осы жүйелі жұмыс Президент жолдауында берілген тапсырмаларды өз деңгейінде орындап, халықтың полицияға деген оң көзқарасын қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР КІМГЕ ТАПСЫРЫЛМАҚ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған байланысты бұқаралық баспасөзде жарияланған цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің түсіндірмелері жұртшылықты қанағаттандырмайды, керісінше одан да көп сұрақтар туындайды. Оның себебі серверлерді Қазақстанда орналастыруда ғана емес, оларда сақталатын ақпаратқа бөтен тұлғалардың қолжетімділігін шектеудің технологиялық мүмкіндігі бола ма деген мәселе. «Жиырма бірінші ақпарат ғасырында IT қауіпсіздігі біздің еліміздің Тәуелсіздігінің маңызды факторы деп санаймыз ба» деген сауалға тура бір ай өткенде ресми жауап жарияланды.

Үкімет басшысы онда бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы мен тиімділігін айқындау тұрғысынан бағалауды «Ақпараттандыру туралы» заңға сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган – Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің жүзеге асырылуына еске салумен бастапты. Жалпы, 2013 жылдан бастап мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыруға

«Ақпараттық Қазақстан 2020» және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламалары бойынша 324 млрд теңге қаражат бөлініп, 400-ге жуық ақпараттық жүйесі құрылған көрінеді. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін әзірлеу және интеграциялау бойынша аталған кешенді жұмыстар Қазақстанды электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша БҰҰ рейтингінде әлемнің 193 елі арасында 29-орынға шығаруға мүмкіндік берген. А.Мамин Қазақстан Үкіметі мен «Сбербанк» ЖАҚ арасындағы меморандумға Қазақстан және Ресей мемлекеттері басшыларының қатысуымен өткен Шығыс экономикалық форумы аясында қол қойылғанын да еске салып өтіпті.

– Платформалық шешімдер саласындағы көшбасшылармен (Amazon Web Services, Microsoft Azure, Google Cloud Platform және т.б., оның ішінде отандық IT компаниялардың мүмкіндіктері қаралды) қатар СБЕР компаниялар тобын тарту мәселелері халықаралық тәжірибені талдау мен АТ қоғамдастықпен талқылауды ескере отырып, жан-жақты зерделенгенін атап өткен жөн. «Platform V» СБЕР өнімінің негізгі

артықшылығы ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау талаптарына сәйкестігі болып табылды. Енгізілетін цифрландырудың платформалық моделінің одан әрі жұмыс істеуі және қолданыстағы сервистердің орын ауыстыруы мақсатында меморандумда толыққанды цифрлық трансформация үшін қазақстандық мамандар мен IT-компанияларды тарту бойынша екіжақты ынтымақтастық көзделген. Цифрлық трансформация жобасын іске асыру барысында ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты меморандум шеңберінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Мемлекеттік техникалық қызметі жүзеге асыратын ақпараттық қауіпсіздікке кепілдік берудің нақты шарттары айқындалды. Сондай-ақ, ұлттық қауіпсіздік органдары белгілеген талаптарға сәйкес шетелдік техникалық мамандардың платформаның және «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына қол жеткізу тәртібі регламенттелген. Тұтастай алғанда, цифрландырудың платформалық моделіне көшу мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы



мен тиімділігін арттыру мәселелерін жедел шешуге бағытталған, бұл өз кезегінде оларды құру мен сүйемелдеуге арналған шығыстарды одан әрі оңтайландыруға мүмкіндік береді, – деген Премьер-министрдің жауабына депутаттар қаншалықты қанағаттанғанын білу мақсатында М.Раманқұловқа хабарласқан едік.

– Қанағаттанған жоқпын. Сауалымызға жауапта жай статистика ғана жазылған. Әлі де сауалдар, хаттар жолдайтын боламыз. Қоғамның пікірін зерттейміз. Яғни, жұмыс ары қарай да жалғасатын болады, – дегенді айтты.

Қарапайым халық тұрмақ, заң шығарушы билік өкілдерін әлі өз шешімдеріне сендіре алмай отырған А.Мамин үкіметі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің басшылығы енді қандай әрекет жасар екен. Егер «Үндемеген үйдей бәледен құтылады» деген ұстаныммен Парламент депутаттарының қолдауынсыз өз шешімін біржақты жүзеге асырар болса оның салдары қандай боларын ешкім алдын ала болжай алмасы анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

Елімізде адам құқы жөніндегі омбудсменнің адам мен азаматтың бұзылған құқы қорғау ісіндегі құзыреті кеңеюі мүмкін. Нақтырақ айтқанда, Адам құқы бойынша уәкіл өзінің бастамасы мен әрекеті немесе әрекетсіздігімен азаматтың құқын бұзған мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға бұзылған құқықты қалпына келтіруге өз ұсынысын жолдайды. Оларға құқын бұзған тұлғаны тәртіптік және әкімшілік жауапқа тарту өтінішімен жүгіне алады. Мемлекеттік аппараттың шешімі және әрекетімен құқы бұзылған барлық азаматтардың құқы мен бостандығын қорғау үшін сотқа талап арыз жолдауға да құзырлы болмақ. Азаматтардың бұзылған құқы мен қол сұғылған бостандығын қалпына келтіру ісін анағұрлым күшейтетін бұрын-соңды болмаған мұндай пәрменді құрал Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамашылығымен дайындалған «Қазақстан Республикасындағы адам құқы бойынша уәкіл туралы» заң жобасында көрініс тауып отыр. Жуырда депутаттық корпус осы құжаттың тұсауын кесіп, оның өлшемдерін жан-жақты пысықтап, ширатуға кірісті.

Заң жобасын таныстырған Парламент Мәжілісінің депутаты Ирина Унжакованың айтуынша, құжат Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың адам құқын қорғау саласын омбудсмен туралы арнайы заң қабылдап жетілдіруге берген тапсырмасын орындау мақсатында дайындалыпты. Заң жобасын әзірлеу барысында Парламент депутаттары халықаралық тәжірибені оның ішінде адам құқын ынталандырып, қорғаумен айналысатын ұлттық мекемеге қатысты, омбудсмен институтын дамытудың негізгі басымдықтары мен Венециан қағидаттары жан-жақты зерттеліп, зерделеніпті.

Жалпы, елімізде адам құқы туралы уәкіл институты конституциялық реформа нәтижесінде 2017 жылы еліміздің негізгі заңынан көрініс тапқан еді. Конституцияның 55-бабына

сәйкес омбудсмен лауазымына сайлану бес жыл болып белгіленіп, оны қызметтен босату құзыреті Парламент Сенатының еншісіне берілген болатын. Аталмыш заң жобасында Адам құқы бойынша уәкілдің құқықтық мәртебесі, өкілеттігі, қызмет ету тәртібі дәйектеліпті.

Жаңа құжаттың басты жаңалықтары біріншіден, уәкілетті тұлғаға аза-

оның қызметіне араласу немесе кедергі келтіргендігі үшін жауапкершілік көзделді.

Өз кезегінде Адам құқы бойынша уәкілге қойылатын талаптар мен шектеулер белгіленді. Венециан қағидаттарының 9-тармағына сәйкес бұл лауазымды атқарушыға саяси қызметпен айналысуға, мемлекеттік қызмет атқаруға, саяси партиялар құрамында

ваның айтуынша, бұл оның жұмысына сабақтастық, құқық бұзушылықтардың алдын алатын сипат береді. Мұндай қызмет нәтижесі бойынша Уәкілетті тұлға адам құқы мен бостандығын қамтамасыз ету және әкімшілік шараларды жетілдіру бойынша бастама жасай алады. Яғни ол құқық нысандарына Қазақстан Республикасының заңнамаларына түзету енгізу туралы

заң жобасын жүзеге асыру мақсатында Әкімшілік құқықбұзушылық туралы, Салық, Бюджет, Қылмыстық-процессуалдық, Азаматтық процессуалдық, Әкімшілік процесстік кодекстерге, «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» және «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң жобаларына өзгерістер енгізілді. Олардың кейбіріне тоқталып кететін

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША УӘКІЛДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ АРТТЫ



маттың құқы мен бостандығын қорғау үшін заңдылық, ашықтық, тәуелсіздік қағидаттары бойынша ерекше мәртебе беру. Адам құқы бойынша уәкіл қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмайтындықтан оны жауапқа тартудың ерекше ережесі енгізіледі. Мұның сыртында Уәкілетті тұлға куәгер болудан босатылып,

болуға тыйым салынып отыр. Құжаттағы тағы бір талап Адам құқы бойынша уәкіл қызметінің есептілігіне қатысты көрініс тауыпты. Ол адам мен азаматтың құқы мен бостандығы бұзылғандығы жайлы ақпаратты толыққанды зерттеп, зерделеумен қатар, шағымдардың қаралу барысын, нәтижесін жариялап отыруы тиіс. Унжаков-

ұсыныспен жүгінуге құқылы болады. Бұдан да маңыздысы қоғам назарын ерекше аударған азаматтардың Конституция кепілдік берген құқы мен бостандығының өрескел немесе жаппай бұзылуы жайлы шағымымен тікелей Президентке, Парламентке, Үкіметке жүгіне алады. Сонымен қатар уәкілетті тұлға Конституциялық кеңеске хат жолдай алатын тұлғалардың бірі болып отыр. Сонымен қатар заң жобасы бойынша Адам құқы бойынша уәкілдің жыл сайын Президент алдында баяндама жасауы, оны қоғамды өз қызметімен таныстыру мақсатында ғаламторда жариялауы міндеттелмек.

Адам құқы бойынша уәкілдің аймақтардағы заңды өкілінің мәртебесі мен қызметі де осы заң жобасы негізінде айқындалмақ. Олар уәкілдің ұсынуымен, жергілікті өкілетті органдардың келісімімен бес жылға сайланады. Аймақтағы өкіл әкімшілік-аумақтық шегінде жекелеген құзыреттер иеленбек. Заң жобасы бойынша жұмыс органы ретінде айқындалып, ақпараттық-сараптау, ұйымдастыру-құқық, өзге де уәкілдің және оның аймақтағы өкілдіктерінің жұмысын қамтамасыз етуге тиіс Адам құқы бойынша орталықтың міндеті бекітілді.

«Адам құқы бойынша Уәкіл туралы»

болсақ, мәселен, Қылмыстық-процессуалдық кодекске енгізілген өзгерістер Адам құқығы бойынша уәкілді ұстауға, тұтқындауға, тіптуге, жауапқа тартуға болмайтындығы, оның лауазымдық міндетін атқару кезінде өзіне белгілі жағдай бойынша куәгерлік етпеуіне құқылы екендігі секілді мәселелерді қамтиды.

Жаңа құжат Адам құқығы бойынша уәкіл жанындағы сарапшылар кеңесінде, халықаралық, отандық, құқық қорғаушы ұйымдар өкілдері қатысқан дөңгелек үстелде талқыланды. Сонымен қатар заң жобасы Венециан комиссиясында қаралуға ұсынылыпты. Унжакова ханымның айтуынша, бұл құжатты қабылдау Конституцияда кепілдік берілген адам мен азамат құқын қорғауда демократиялық үрдістердің дамуын күшейтіп, Адам құқы бойынша уәкіл институтының тиімділігін арттырады.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?



Мұрат ӘБЕНОВ, мемлекет және қоғам қайраткері:

– Ал 2021–2023 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында «электрондық үкіметті», инфокоммуникациялық инфрақұрылымды және ақпараттық қауіпсіздікті дамытуға 2021 жылы 79 млрд теңге, 2022 жылы 62,8 млрд теңге және 2023 жылы 42,5 млрд теңге көзделген. Үкімет басқа елден «электрондық үкіметті» дамыту бойынша біздің әлемдік рейтингтерімізден едәуір төмен елден көмек сұрайтынын негіздейтін ештеңе жоқ.

2021–2023 жылдарға арналған бюджетте қолданыстағы электрондық үкіметті дамытуға елеулі сома бөлу көзделгеніне қарамастан, меморандум шеңберінде Үкімет Ресей Сбербанкінен 500 млн долларға (200 млрд теңгеден астам) мемлекеттік кепілдікпен несие алғысы келеді. Ол кейіннен өз қызметтерін төлеу үшін пайыздарымен қайтарылады. Бұл біздің әрқайсысымыздың салықтарымыз арқылы төленетін мемлекеттік қарыз болады. БАҚ-тың хабарлауына СБЕР Ресей Үкіметімен Platform V тобының шешімі негізінде GovTech платформасын құру туралы меморандумға 900 миллион рубльге қол қойды. Бұл шамамен 12,3 миллион доллар. Бұл біздің Үкімет төлегісі келетін 500 миллион доллардан 40 есе арзан. Қазақстан азаматтарына сенімсіздік тудыратын мәселе – мұндай көтеріңкі баға немен негізделген? Бағалау мен есептеулерді кім жүргізді? Сұрақ көп, алайда оған әлі жауап жоқ.

Есенжол АЛИЯРОВ, саяси ғылымдар докторы, профессор:

– Қоғамнан жасырып жасайды. Жұртшылық арасындағы күмән мен өсек-аяңның бәрі соның нәтижесі. Оған өзі себеп болып отыр. Бәрін ашық айту керек қой. Неге СБЕРді таңдады, оның қай жері қызықтырды, ұсынған қызметінің сапасы мен бағасы қалай? Басқалармен салыстырғанда артық па, кем бе? Соның бәрін айтып, түсіндірсе, жұрт түсінеді ғой. Жалпы, Үкімет қандай да бір шешім қабылдап, келісім жасарда оның бәрін халыққа айту керек еді. Өйткені, оған жұмсалатын қаржыны келісім жасаған министр не Үкімет басшысы өз қалтасынан қайтармайды. Халықтан жиналған ақшадан қайтарады. Сол себепті не алынып жатыр, не үшін алынып жатқанын ертерек келісімге қол қоймай тұрып бәріміз білуіміз керек.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ОЙ ТАЛҚЫ

КӨЗҚАРАС

САРАП

ӘКІМШІЛІК РӘСІМ САТЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР



Әлібек НҰРҒАЛІЕВ,
Ақжайық аудандық сотының
төрағасы

Әкімшілік әділет институтының «Халық үнін еститін мемлекет» қағидатын қалыптастыруға ықпалы зор. Бұл бастама биылғы жылдың шілде айынан бастап қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жаңа кодекстің ерекшеліктерінің бірі әкімшілік рәсімнің сатысын енгізу болып табылады. Ол өтініш берушінің әкімшілік органға, лауазымды тұлғаға

оның құқықтарын қорғау туралы өтінішпен жүгінуден тұрады. Азаматтардың өтініші бойынша әкімшілік істі қарап, әкімшілік орган, лауазымды тұлға әкімшілік актіні қабылдау немесе әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешім шығарады.

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіге, әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) одан әрі әкімшілік тәртіппен шағым жасауға құқылы. Шағымды қарайтын орган шағым

бойынша: әкімшілік актінің күшін жою туралы; әкімшілік актінің күшін жою және жаңа әкімшілік актіні қабылдау туралы; әкімшілік әрекеттің жасалғаны туралы; шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы; әкімшілік істі әкімшілік органға, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға жіберу туралы; шағымды қараусыз қалдыру туралы шешімдердің бірін шығарады. Яғни, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау жөніндегі әкімшілік рәсімнің осы кезеңі әкімшілік органға талапты қанағаттандыруға, заң бұзушылықтарды, төменгі органның қателіктерін түзетуге

және қолайлы акт жасауға мүмкіндік беретін дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібінің бір түрі.

Бұл процедураны енгізудің тиімділігі әкімшілік орган өтініш берушілерді тыңдап, құжаттарды, өтініш материалдарын зерттеп, сот органының қатысуынсыз заңға сәйкес акт шығарады. Іс-әрекетке не шығарылған актіге қанағаттанбаған кезде арыз беруші талап қоюшы ретінде әрекет ете отырып, кейін әкімшілік органды жауапкер ретінде тарту үшін әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгінуге құқылы. Әкімшілік іс талап арыз негізінде қозғалады. Бұл – мәжбүрлеу; іс-әрекетті орындау; тану туралы талап болуы мүмкін.

Сотқа арызбен жүгінетін адам, ең бірінші кезекте істің соттылығына назар аударуы қажет. Әкімшілік сот ісін жүргізуді мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік соттар жүзеге асырады. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот құрылмаса, әкімшілік істерді аудандық (қалалық) сот осы кодексе белгіленген тәртіпте қарайды.

Соттың бұл бағыттағы істерді қарап жатқанына аз ғана уақыт өтті. Істің соттылығын түсіндіру, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің бірқатар ерекшеліктерін азаматтарға жеткізу үшін түрлі шаралар қолға алынып, жаңашылдықтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілікке таныстырылуда.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

Биыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл толып отырып, азаматтардың сотқа қолжетімділігі артып, ашықтық пен жариялылық барынша қамтамасыз етілді. Бәсекеге қабілетті, заң үстемдігі мен жоғары құқықтық мәдениеті қалыптасқан өлке айналдық.

ЖАҢА ЖҮЙЕ – КЕЛЕЛІ ЖЕТІСТІКТЕР БАСТАУЫ

Елімізде кез келген азаматтың өз құқығын сот арқылы қорғауына толық мүмкіндік жасалған. Соттардың атқарған жұмысы, қарап отырған істері, процесс барысы, судьялардың әрекеті – бәрі де қоғам назарында ашық әрі жариялы түрде жүзеге асады.

Біздер БАҚ өкілдеріне де, азаматтарға да ашықпыз! Сот туралы ақпараттарды БАҚ-пен қатар, әлеуметтік желілердегі соттардың ақпараттарына табуға болады. Ашықтықты қамтамасыз етудегі басты себеп – соттар халықаралық заман талабы мен заң талаптарына толық жауап бере алатын жүйемен жасакталды. Озық техникалық жабдықтар іске қосылып, сапалы интернет, байланыс құралдары, олар арқылы процесті онлайн қарау жүйесі қамтылды. Бүгінгі таңда азаматтардың сот билігіне сенімі күшейіп, сот жүйесінің беделі артуда.

Биліктің бір тармағы саналатын сот саласында елеулі өзгерістердің орын алғанына, тәуелсіз және әділетті төреліктің жүзеге асырылып жатқанына қарапайым жұртшылықтың көзі жетті. Өткен жылы сот реформасының нәтижесінде жұмыс жүйесін реттейтін, жаңаша сипатта жұмыс жасайтын бірқатар жаңа заңдар қабылданды. Соның бірі – 2020 жылы қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. Ол 1 шілдеде заңды күшіне еніп, сонымен бірге әкімшілік соттар құрылды. Сотты құру үшін жаңадан штаттар қосылған жоқ, тек басқа соттарда қызмет жасап жүрген судьялар Президент жарлығымен қайта тағайындалады. Жергілікті соттар, оның ішінде негізгі бір бағыт бойынша жұмыс жасайтын әкімшілік соттар осы кодекспен жұмыс жасауда.

Енді азаматтар мен кәсіпкерлердің әкімшілік органдарға қатысты жазған арыздары сапалы

әрі нәтижелі қарала түсуде. Кез келген азамат, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар және кәсіпкерлер әкімдік, мемлекеттік органдар қызметіне көңілі толмаса шағым келтіре алады. Тек мемлекеттік органдарға ғана емес, кәсіпкерлер палатасына, адвокаттар алқасына, нотариустар мен жеке сот орындаушылар ұйымдарына қатысты арыз-шағымдармен де жүгінуге болады. Себебі бұлардың шығаратын шешімдері әкімшілік акт болып табылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте дауды қарау принципі басқа кодекстерге қарағанда мүлде басқаша. Әкімшілік рәсім – халықтың мүддесін қорғауға бағытталғандығын үнемі айтып отырамыз. Егер нақтылайтын болсақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бойынша судья істі қарау барысында азаматқа кеңес беруге, мемлекеттік органды қандай да бір талапты орындауға міндеттеуге, азаматқа өзін қорғаудың барлық мүмкіндігін жасауға, дәлел жеткіліксіз болған жағдайда, оны өзі іздеуге құқылы.

Тіпті заң нормаларын дұрыс жазуға да көмектеседі. Сонымен қатар, істің кейбір фактілері бойынша өзінің алдын ала пікірін айта алады. Ең бастысы, әкімшілік істер бойынша тараптарды өзара келісімге келтіріп, істі бітімгерлік рәсіммен де шешуге құқылы. Мұндай жағдайда азаматтардың да жоғары құқықтық мәдениеті қалыптасып, кез келген жерде өздерін қорғай алатын жағдайға жетеді. Жалпы әкімшілік сот жүйесі келелі жетістіктердің бастауы болады деп сенеміз.

Айгүл БОРАШЕВА,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

СОТ СӨЙЛЕСІН

МАС ЖҮРГІЗУШІ МАҢАЙЫНА ҚАУІПТІ

«Арақпен достастым дегенше, адамгершілікпен қоштастым абырой таппайтыны айтпаса да түсінікті. Ал енді арақ ішіп, наша шегіп, психотроптық дәрілердің әсерімен көлік басқару өзіңнің ғана емес, өзгелердің де өміріне қауіп төндірумен бірдей. Өкінішке орай, жол жүрісіне қатысты жаза қанша қатайтылса да жүргізушілер тарапынан орын алатын құқық бұзушылықтар азаймай келеді.

Жүргізушілердің жауаптылығын көтеру, санасына әсер ету мақсатында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар аз емес. Апаттан кейін сау тамтығы қалмаған көліктерді жол жиегіне қойып жатамыз. Бұл әрбір көлік жүргізушісіне ой салу үшін, жылдамдықты арттыру, рөлге мас болып отырудың салдары қайғылы аяқталатынын көрсету үшін керек. Көрнекі жерлердегі билбордтарға «Жүргізуші, сені отбасың күтіп отыр!», «Жүргізуші, жолдағы тәртіпке сен жауаптысың!» деген ескертпені жазудың да мақсаты ортақ тәртіпке бағынуға шақыру, заңсыздықтың алдын алу.

Сонымен бірге, судьялар жол ережесін бұзған, рөлге мас күйінде отырған жүргізушілер жауаптылығына қатысты қалыптасқан тәжірибемен бөлісіп, заңға түсініктеме беруді тұрақты дәстүрге айналдырған. Осы арқылы судьялар жолдағы жүргенсіздікке тосқауыл қоюға тырысуда. Қара жолдағы қасіретті азайту үшін мұндай жұмыстар ешқашан бәсеңсімеуі керек.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізудің де негізгі себебі осында. Қазір көлік рөліне мас күйінде отырғандарға жаза қатаң. Мәселен бұрын көлік



құралын мас күйінде басқарғаны үшін бірінші рет жазаға тартылған жүргізуші үш жылға дейін көлік жүргізу құқығынан шектелсе, қазір жеті жылға жүргізуші куәлігінен айырылады. Сонымен бірге, әкімшілік өндірудің жаңа түрі енгізіліп, соған сәйкес жүргізушіні 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу қарастырылған. Бұл құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасағандар 20 тәулікке әкімшілікке қамаққа алынып, көлік жүргізу құқығынан 8 жылға айырылады. Құзырлы орган өкілдерінің талабын орындамай, медициналық куәландырудан бас тартқан жүргізушілердің де жазасы қатайтылған. Мұндай жағдайда жүргізуші куәлігінен 8 жылға айырылып, 15 тәулік әкімшілік

қамаққа алынады. Ал бұрын жүргізушілер көлік басқару құқығынан үш жыл мерзімге айырылумен шектелетін.

Заңның қатайтылғанына қарамастан, көлік рөліне алкогольдік масаң күйде отыратындар әлі де жеткілікті. Түркістан қаласының әкімшілік құқықбұзушылық туралы мамандандырылған ауданаралық сотында мұндай істер аз қаралмайды. Мәселен осы жылдың 9 айында ӘҚБтК-нің 608-бабымен сотта 198 іс қаралған. Оның 174-не қатысты шара көрілді. Әкімшілік қамаққа алынғандар 167 болса, көлік құралын басқару құқығынан айыру туралы 138 шешім шығарылды. Өкініштісі сотта ісі қаралып, көлік рөліне алкогольдік масаң күйде отырғандар қатарында 4 әйел бар. Енді осы азаматтар сот белгілеген жазадан сабақ алса игі.

Айгүл ОТАУБАЕВА,
Түркістан қаласының әкімшілік
құқықбұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының судьясы

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДАМУҒА КЕДЕРГІ

Сыбайлас жемқорлықты жою, кеселдің алдын алу – кез келген мемлекеттің міндеті. Дегенмен, жемқорлыққа қарсы күрестегі әр мемлекеттің ұстанған саясаты, қолданатын әдіс-тәсілдері әртүрлі. Мәселен экономикалық ахуалы жоғары, өркениетті, дамыған елдердің көпшілігі сыбайластықты жоюға жалақыны көтеріп, қызметкердің еңбегін бағалау арқылы қол жеткізуге болады деген ұстанымда. Алайда, мәнсабы ғана емес материалдық жағдайы да жақсы шенеуніктердің пара алуы бұл елдерде де кездеседі. Бұл азаматтар заңсыздыққа материалдық мүмкіндігі төмен болғандықтан барады деген түсініктің қате екенін көрсетсе керек.

Ал Қытайдың қатаң заңдарына сәйкес, жемқорлықпен ұсталған шенеуніктер өлім жазасына кесіледі. Өлемдегі зайырлы мемлекеттердің барлығы дерлік өлім жазасынан бас тартып, жазаны ізгілендіріп жатқанда Қытайдың қатаң

талапты сақтауына не себеп? Бұған аспан асты еліндегі халықтың көптігі, мемлекетте ортақ тәртіпті сақтаудың маңыздылығы түрткі болғаны анық. Сонымен қатар өзгелерге сабақ болуы үшін шенеуніктерге берілген жаза ашық айтылып, көпшілік алдында жария көрсетілетіні де белгілі. Десе де, тәжірибеден байқап отырғанымыздай, қатаң жаза да індеттің тамырына балта шабуға пәрменді емес. Қытайда сыбайлас жемқорлық деректері әлі жойылмады. Осының өзі қорқыту немесе қатаң жазалау арқылы сыбайластықты тоқтату мүмкін еместігін айғақтайды.

Жемқорлыққа тыйым салу үшін ашықтық принципін ұстанып, кеселдің алдын алу шараларына басымдық беретін елдер де бар. Солардың бірі – Қазақстан. Біздің мемлекетіміз бұрынғы кеңестер елінің арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заңды бірінші болып қабылдады. Заманның қажеттілігіне қарай осы заң кейіннен жетілдіріліп, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң болып қайта қолданысқа енгізілді. Алғашқы заңнан айырмашылығы

кейінгі құжатта кеселдің алдын алуға, мәселенің салдарымен емес, себебімен күресуге мән берілген. Соған орай бүгінде құзырлы орындарда адами байланысқа тосқауыл қою үшін жаңа технология жетістіктері барынша қолданылуда. Электрондық қызметтің жаппай енгізілуі сот қызметкерлері мен азаматтар арасындағы сыбайластыққа жол бермейді. Әсіресе «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі азаматтардың әуресарсаңын азайтуға, уақыты мен қаржысын үнемдеуге ықпал етті. Кезектің болмауы, басы артық құжаттың жойылуы, сұранысты сот ғимаратына келмей-ақ үйде, кеңседе отырып жолдауға мүмкіндіктің берілуі азаматтарға өте ыңғайлы. Өзіне қажет қызметті тез, оңай алған азаматтар таныс іздеп, жемқорлыққа түрткі болмайды. Ашықтық, қолжетімділік, жеделдік болған жерде сыбайластыққа да орын қалмайтыны түсінікті.

Ақерке ДҮЙСЕНОВА,
Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ПАРЛАМЕНТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жұмыс мемлекеттік органдар, қоғамдық және сараптамалық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен барынша ашық – онлайн режимде өтуде.

Жиында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Рустам Ахметов сөз алып, кәсіпкерлерді қолдау, олардың арасындағы адал бәсекелестікті қалыптастырудың өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдарын ортаға салды. Жоғарыда аталған көмек қаржының негізінен ірі бизнес еншісіне тиіп жатқанын да айтты. Оның сөзінен түйгеніміз, бүгінгі күні еліміздің ішкі нарығында отын-энергетика кешені, көлік және байланыс салаларының монополиясы сақталып отыр. Монополиялық тауар нарықтарындағы мемлекет – негізгі ойыншы. Бұл бәсекелестіктің дамуына бірден-бір кедергі келтіретін фактор. Жалпы, монополиясыздандыру және бәсекелестікті дамыту мақсатында негізгі реттеушілік маңызға ие үш кедергіні – яғни, негізгі қуатқа қол жеткізушілікті, бағаны бұрмалаушылықты және іріктеп қамқорлық жасауды жою керек. Бұл үшін құзырлы орын аталмыш заңнама аясында инфрақұрылым мен объектілер ұғымын және негізгі қуатқа жатқызу өлшем шарттарын заңнамалық түрде айқындап, тең қол жеткізу қағидаларын бекітуді ұсынып отыр. Тек соларды ғана айқындап қоймай, өтінімдерді қарау тәртібін, шарттары мен мерзімдерін, бас тарту негіздерін де нақтылау көзделді. Бұл мәселелер шешілетін болса, қолданыстағы тауар нарықтарының монополиялық құрылымының аралас тауар нарықтарына теріс әсерін төмендету, шектеулі ресурстарға қол жеткізуді кеңейту оларда бәсекелестіктің дамуын қамтамасыз ететін болады.

Агенттік бүгінде мемлекеттік және жекеменшік операторлардың қызметін реттеу бойынша да жұмыс жүргізіп жатыр. Ахметовтің айтуынша, құзыр-

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ КЕДЕРГІ КӨП



лы органның жүргізген талдауының нәтижесінде 51 оператордың 47-сі мемлекеттік қатысумен құрылғаны анықталыпты. Тауар нарықтары мен олардың қызметін талдау қорытындылары бойынша, осы жылдың өзінде 9 оператордың айрықша құқықтарын алып тастау ұсынылды. Қалған жұмыс істеп тұрған операторлар үшін арнайы құқық институты енгізіліп, соның негізінде оларға баға белгілеуден бастап, өзге бизнеске қатысуына тыйым салынып, жұмысы қатаң реттелетін болады. Жеке операторларды іріктеудің конкурстық тәртібі ұсынылады. Бұрын құрылған операторлардың санын қысқарту бойынша жұмыс жалғасады.

Қазіргі таңда мемлекет экономиканың бірқатар салалары үшін ең ірі тұтынушы ретінде әрекет етеді. Осы орайда, бәсекелестікті дамытуға қатысты бірден-бір түйткілді мәселе – мемлекеттің қатысуын қысқарту. Бұл ретте мемлекеттік тапсырмаларды бөлу үшін

негіздемелердің толық тізбесін айқындау көзделіпті. Статистика көрсетіп отырғандай, мемлекеттік тапсырмаларға бөлінетін қаражат көлемі жыл сайын өсіп келеді. Мысалы, 2018 жылы 171 млрд теңге, 2020 жылы 378 млрд теңге. Ұсынылып отырған тізбе мемлекеттік тапсырмаларды қаржыландырудың өсуін шектеуге және оны одан әрі қысқарту үшін құқықтық негіздер жасауға мүмкіндік береді. Заң жобасында ұсынылған қысқартудан күтілетін нәтиже қазірдің өзінде 30 млрд теңгеге жетеді деген үміт бар.

Бәсекелестікті дамытудың тағы бір бағыты ретінде Ахметов тауарларды конкурстан тыс сатып алуды қысқарту қажеттігін айтты. Аралас экономика жағдайында мемлекет экономиканың тұтас бір саласы үшін ірі тұтынушы ретінде әрекет етуде. Бүгінде мемлекеттік, квазимемлекеттік сатып алулар – кәсіпкерлікті қолдаудың күшті құралы. Сондықтан шағын және жаңа бизнес

үшін сатып алу мүмкіндігін барынша жеңілдету қажет. Осы тұста сатып алу амалдарын оңтайландыру және бюджет қаражатын азайту мақсатында лоттарды ірілендіру, қаржылық тұрақтылыққа, салық төлемдеріне, жұмыс тәжірибесіне жоғары талаптардың қойылуы жаңа және шағын кәсіпорындардың жолын жабуға.

Тағы бір шешілмей жүрген мәселе – бір көзден сатып алу. Мәліметтерге сәйкес, 2020 жылы бір көзден мемлекеттік сатып алу көлемі 2 трлн 300 млрд теңге болып, барлық мемлекеттік сатып алудың 40 пайызын қамтыды. Құзырлы орын бұған да шектеу қоюға ниетті. Аталмыш құжат аясында бір көзден сатып алудың 8 негізін қолдануды шектеп, оның 2-і мүлдем жойылмақ. Ахметов мырзаның айтуынша, мұның экономикалық тиімділігі жыл сайын 49 млрд теңге болады.

Өз кезегінде сөз алған «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Ербол Үстеміров мемлекеттік кәсіпкерлік қызметке негізсіз және шектеусіз араласа берудің бизнесмендердің құқы мен заңды мүдделерін шектейтінін, сондықтан ұлттық палата да мемлекеттік органдармен бірлесіп, жүйелі негізде мемлекеттің кәсіпкерлікке қатысуын қысқарту бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын айтты. ҚР Президентінің Жарлығымен елімізде 2021 жылдың аяғына дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді. Сонымен қатар, 2019 жылы монополияға қарсы орган «Атамекен» УҚП-мен бірлесіп, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының қаншалықты қисынды екенін анықтау мақсатында тауар нарықтарына талдау жүргізді. Нәтижесінде Үкіметтің арнайы қаулысы бойынша, 107 қызмет түрін, яғни олардың жалпы санының

30,8 пайызын алып тастады. Дегенмен, Кәсіпкерлік кодексі бұрын құрылған кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысу үлесі 50%-дан асатын заңды тұлғаларға жұмысын әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл қызмет түрлерінің тізбесін қысқарту бойынша жүргізілген жұмысты жоққа шығарады. Өйткені, мемлекеттік компаниялардың көпшілігі аталмыш құжатты қабылдағанға дейін құрылған болатын. Үстеміров мырза депутаттарды заң жобасындағы осы мәселені тиімді шешетін талапты қолдауға шақырды. Халық қалаулылары бұған келісті.

Отырыс барысында Мәжіліс депутаттары мен дөңгелек үстелге қатысқан өзге де үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, сарапшылар, мамандар осы саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды. Олар негізінен кәсіпкерлікке мемлекеттің қатысуын қысқарту, кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына және мемлекеттік органдардың сатып алуына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тауар нарықтарындағы нарықтық шоғырлану деңгейін төмендету, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тауар нарықтарына кірудің әкімшілік және экономикалық кедергілерін, сондай-ақ бағалық реттеу құралдарын қысқарту мәселелерін қамтыды. Айтылған ой-пікірлер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша жұмыс тобының отырыстарында талқыланып, ортақ мәмілеге келген мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ДЕНСАУЛЫҚ

ПАНДЕМИЯ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АУРУДЫ ӨРШІТТІ

Пандемияның психологиялық ауруларға түрткі болғаны анықталды. Бұл туралы «Ментальды денсаулық және COVID-19» халықаралық конференция аясында Ресейдің және еліміздің беделді психиатрлары БАҚ өкілдеріне өткізген брифинг барысында белгілі болды.

Психиатрия саласында жұмыс істейтін мамандардың II съезіне қатысқан сарапшылардың пікірінше, коронавирус адамның психикалық денсаулығын шырмалп, планета тұрғындары физикалық және эмоциональды жағдайды бастан кешіреді және оның себептері әрқалай. Бірі жақынынан айырылып қайғы жамылды, кейбіреулер жұмыссыз қалды, сол сияқты адамдардың үйде оқшаулануы, отбасылық кикілжіңдер, болашаққа деген сенімсіздіктен үрейлену сияқты өзгерістер психикалық аурулардың өршуіне түрткі болыпты.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жер шарында коронавируспен ауырған әрбір бесінші адам психикалық түрлі түйткілдерді бастан кешіреді. Қазіргі кезде дегбірсіздік пен күйзеліске шалдыққандардың көрсеткіші азайған жоқ дейді мамандар. Әлемді дүрліктірген оқиғадан кейін өз-өзіне қол жұмсау деректеріне байланысты әлі жүйелі зерттеу жүргізілмеген. Осы уақытқа дейін ерлер арасында тіршіліктен түңіліп, өмірін қыршып қиғандар көп болса, пандемия кезінде қыз-келіншектердің суицидтік оқиғалары жиілепті.

– Суицидтің көрсеткіші карантин басталған алғашқы бес айда төмендеген. Бірақ қазіргі таңда көрсеткіш бұрынғы қалпына қайта оралды. Кейбір жерлерде өз өміріне қол жұмсау деректері әдеттегіден жоғарылады. Бірақ ешкім мұны зерттеген жоқ. Біз оның түрлі санаттарын қарауымыз керек. Сандар өзгерген жоқ. Бірақ ерлерге қарағанда, әйелдердің өз өмірімен қоштасу оқиғалары екі есе жиіледі. Бұған нақты жауап беру үшін әлі уақыт керек. Әйелдер

әрқашан психологиялық соққыларға төзімді. Көбінесе суицидтік оқиғаларға талдау жасағанда, ол елдің мәдениеті мен өмір сүру салтына да көңіл бөлу керек, – дейді В.М. Бехтерев атындағы Психиатрия және неврология ұлттық медициналық зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, профессор Всеволод Розанов.

Баспасөз мәслихатында күйзеліске шалдығу оқиғалары, сонымен бірге психологтарға баруға намыстанатын көзқарастың әлі де өзгермеуі туралы айтылды.

Брифингте Ресей психиатрлар қоғамының президенті, В.М. Бехтерев атындағы Психиатрия және неврология ұлттық медициналық зерттеу орталығының директоры Николай Незнанов, Психикалық денсаулық саласында қызмет ететін мамандар қауымдастығының президенті, профессор Сағат Алтынбеков, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің ректоры, профессор Талғат Нұрғожин журналистер сұрағына жауап берді.

Профессор Сағат Алтынбековтің айтуынша, қазіргі уақытта елімізде 17 аймақтық психикалық денсаулық орталығы, қалалық емханалардың құрылымында 82 алғашқы психикалық денсаулық орталығы, аудандық деңгейде 201 психикалық денсаулық бөлмесі қызмет етеді. «2018 жылға дейін психиатр дәрігерлердің қабылдауы тек психиатриялық ұйымдарда жүзеге асырылатын. 2021 жылдың 9 айында адамдардың алғашқы психикалық денсаулық орталықтары мен психикалық денсаулық бөлмелеріне көмекке жүгіну саны 297464 адамды құрады. Көріп отырғанымыздай, халыққа көрсетілетін көмек бұрынғыдан қолжетімді бола түсті, бұл психикалық денсаулық саласында науқасқа бағдарланған көмек көрсету үлгісін дамыту болып табылады. Психикалық денсаулық орталықтарында психикалық бұзылулары бар адамдарға стационарды алмастырушы көмек 735 төсек-орынға арналған 16 күндізгі стационарда көрсетілді. Балаларға қолжетімді көмек көрсетуді



дамытуға үлкен көңіл бөлінетінін атап өту қажет. Осылайша, соңғы жылда балаларға арналған 65 төсектік 3 күндізгі стационар бөлімшесі құрылды, Қарағанды облысы мен Шымкент қаласында ауысымына 20 көмекке жүгінуді қамтитын балаларға арналған екі медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесі ашылды. Денсаулық сақтау ұйымдарында балалар психиатрларының саны артты, бұл көрсеткіш 2017 жылғы 65-тен 2020 жылы 97-ге дейін, яғни 67% өсті. Тұтастай алғанда, медициналық кадрлар бойынша 2021 жылы 124 психиатр дәрігер резидентураны аяқтап, денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істеуге кірісті. 2022 жылы резиденттердің бітіруі 98 маманды құрайды, – деді С.Алтынбеков.

Қазіргі таңда Қазақстанда ДДСҰ ұсынған озық әлемдік тәжірибеге сәйкес, төрт блоктан тұратын психикалық денсаулық қорғау жүйесі жасалуда. Дәрігерлердің айтуынша, ол блоктардың жалпы сипаты төмендегідей: психикалық денсаулық саласында хабардар болу деңгейін арттыру, яғни бүкіл халықтың психикалық денсаулық күйінің деңгейін арттыруға бағытталған

іс-шаралар, ол әлеуметтік, білімдік, ақпараттық, құқық қорғау және өзге де сипаттағы сан түрлі шаралардан тұруы тиіс; тәуекел топтарын анықтау, мысалы, суицидалды мінез-құлқы, зорлық-зомбылық әрекеттері және т.б. бойынша, мұндағы іс-шаралар, сонымен қатар, әлеуметтік, білімдік, ақпараттық, құқық қорғау және өзге де сипаттағы нақты бағдарламаларды қамтиды; психикалық бұзылулары бар адамдарды ерте анықтауды және тиісті көмекке қолжетімділікті қамтамасыз етуді қамтитын психикалық денсаулық саласындағы бұзылуларды басқару, бұл білім беретін және әлеуметтік ұйымдармен тығыз өзара әрекеттестікке жұмыс істейтін алғашқы медициналық-санитарлық көмек, жастар денсаулық орталықтарының, мектеп медицинасының деңгейіндегі іс-шаралар; диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

Орталықтың бұдан басқа атқарып жатқан жұмыстары ұшан-теңіз. Мәселен, олар 2020 жылғы 4 сәуірден бастап БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ)

қолдауымен ҚР ДСМ Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған <https://onlinehealth.kz> интернет платформасы жұмыс істей бастағанын айтады. Онда онлайн консультация алуға болады, жазбаша сұрақтарға жауап алу мүмкіндігі бар, өзіне көмек көрсету бойынша ақпарат қамтылған, сондай-ақ психикалық денсаулық мамандарына, оның ішінде мектеп психологтарына қиын жағдайда көмек көрсету үшін ресурстар да бар. Жұмыс істеген кезінде 80 мыңнан астам пайдаланушы сайтқа кіріп, қызметімен танысты, 250 мыңнан астам көмекке жүгінуді жүзеге асырды, 400-ге жуық толыққанды онлайн консультациялар өткізіліп, ұсыныстар берілген 200-ден аса жазбаша өтініш қаралды. Білім беру қызметі бойынша бұл платформа 100-ден астам семинар өткізілді, оған онлайн форматында 22 800-ден астам маман қатысты, мектеп психологияның тәжірибесіндегі 55 күрделі шынайы жағдайды талдау жүргізілді. Семинарлардың жазбалары, сондай-ақ ата-аналарға, педагог қызметкерлерге, психологтарға, дәрігерлерге және өзге мамандарға арналған ақпарат белсенді түрде YouTube арнасының Mentalcenter QAZAQSTAN арнасында жарияланып отырады, бұл арнаға жазылушылардың саны 2400-ге жуық және 107 мыңнан астам адам көрген. Қашықтан көрсетілетін медициналық қызметтерді енгізу үшін нормативтік-құқықтық база құрылды. Динамикалық бақылау мақсатында (қайталама) консультация беру; негіздемелерге және тиісті медициналық құжаттамаға сәйкес бұрын қойылған диагнозға байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссия отырысын өткізу; жоспарлы емдеуге жатқызуға, консультациялық көмекке, жақын адамдарға консультация алуға жолдама беру секілді көптеген өзекті мәселелер де бүгінде өз ретімен, барлық заңдылықтар шеңберінде шешіледі.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ПАЙЫМ

МЕДИАЦИЯ

АЗАМАТТАР ЖАУАПТЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

Еліміздің сот жүйесіндегі реформалар қоғамдағы дау-жанжалдың азаюына септігін тигізді. Соның бірі – қазіргі таңда дауларды соттан тыс шешу жүйесінің қалыптасуы. Дауды сотқа жеткізбей-ақ шешу маңызды.



«АЛДЫҢА КЕЛСЕ, АТАҢНЫҢ ҚҰНЫН КЕШ»

«Медиация туралы» заң 2011 жылы 5 тамызда қабылданды. Содан бері бұл заң елімізде жемісті жұмыс істеп келеді. Тұрмыстық кикілжің, таласты сұрақтар, несие секілді коммерциялық проблемалар қазір медиаторлардың көмегімен-ақ шешіліп жатыр.

Шетелдік тәжірибеге көз жүгіртсек, мәселені сотқа дейін шешу АҚШ-та XX ғасырда қолға алынған, ал, Швейцария, Норвегия, Швеция, Бельгия секілді елдерде 90-шы жылдары қолданысқа енген екен.

Еуропа елдерінде медиацияға қарағанда, «татуластыру шаралары» термині кең тараған. Өйткені, Еуропада медиация тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерінде кеңінен қолданылады.

Бітімге келу, экономикалық тұрғыдан алғанда, өте тиімді тәсіл. Мәселен, 2013 жылғы дерекке сүйенсек, АҚШ-та медиаторлардың жұмысы нәтижесінде 35 миллион доллар көлеміндегі қаржы үнемделген.

Сарапшылар медиация институты Еуропа мен Азияда екі түрлі екенін айтады. Медиация – бір жағынан, сот жұмысын жеңілдету құралы. Қаржы үнемдеуді былай қойғанда, медиатордың көмегімен мәселені бірнеше сағатта шешуге бо-

лады. Бұл – уақыт үнемдеудің де тәсілі. Медиация институты – азаматтық қоғам қалыптастырудың алғышарты. Себебі, даулы мәселені сотқа жеткізбей шеше алу адам құндылықтары мен көзқарасын жаңа деңгейге көтереді.

Облыста бұл бағытта айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатыр. Аудандарда татуластыру орталықтары, медиация бөлмелері көптеп ашылып, дауларды сотқа дейін реттеуде оң нәтижелерге жетуде.

Мысалы, 2020 жылдың 9 айында татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы 902 іс біткен. Мұның ішінде 800 іс медиация арқылы, 24 іс партисипативтік рәсімдер тәртібімен бітсе, ал, 78 іс бойынша бітімгершілік келісім жасалған.

Биылғы жылдың осы кезеңінде татуластыру рәсімдерімен барлығы 1144 іс біткен. Мұның ішінде 1000 іс медиация арқылы, 27 іс партисипативтік рәсімдер тәртібімен бітсе, 117 іс бойынша бітімгершілік келісім жасалған. Халқымызда «Алдына келсе, атаңның құнын кеш», «Өмір қамшының сабындай» деген мағынасы терең аталы, асыл сөздер бар. Өмірді дауласумен өткізудің еш қисыны жоқ.

А.А.ЛШЫНБАЕВ,
Түркістан облыстық сотының судьясы

ҚР Конституциясынан бастау алатын заңдардың бәрі бала құқығының қорғалуына кепілдік береді. Бүгінгі таңда бала құқығының бұзылатын бір саласы – алимент мәселесі. Бұл қоғам үшін аса маңызды проблемаға айналды. Алиментті біз әдетте тек ажырасқан әкенің өз баласына төлеуге міндетті ақысы дейміз. Алайда бұл төлем – тек әкеге ғана емес, сонымен қатар анаға да жүктелетін жауапкершілік.

Алимент өндіруге келгенде, ата-анасының некеде болуы, азаматтық некеде немесе ажырасқан болуы мүлде маңызды емес. Қамқорлықтағы немесе патронаттық тәрбиедегі балалар, сондай-ақ асырап алынған балалар да алимент алуға құқылы. Ажырасу барысында ерлі-зайыптылар баланы асырау туралы өздері келісу керек. Алимент сол келісім бойынша төленеді. Егер ондай келісім болмаса, борышкер азаматтың дүние-мүлкіне тыйым салып жатады. Сосын борышкер әкелердің Қазақстан аумағынан шығуына шектеу қояды. Алимент бойынша қарызын өтемейінше, жүргізуші куәлігінің күшін жояды. Егер үш ай бойы алиментті төлемей, қоңырауларға жауап бермей, номерін ауыстырып жіберіп не мүлде басқа қалаға кетіп жалтарып жүрсе және құқық қорғау органдары қашып жүргенін дәлелдеген жағдайда ғана Қылмыстық кодекстің 139-бабымен қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Яғни, сот шешімі бойынша 600 сағатқа еріксіз жұмысқа тартады немесе екі жыл бас бостандығынан айырылады. Бұл жағдайда алимент төлеуші жалтармайтын болса, қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Азаматтық кодекстің 669-бабына сәйкес іс азаматтық сот өндірісі бойынша жүргізіледі. Яғни, оларды абақтыға қамап қойғаннан гөрі, алиментті уақытында төлеп тұруға мүмкіндік беретін шараларды қабылдау тиімдірек.

Жауапсыз әкелерден алимент алудың ең тиімді жолы – сот орындаушылары шығарылған қаулы негізінде борышкердің жұмыс орнына хат жолдау. Соған сәйкес, есепші ай



Бахыт БЕКМҰРЗАЕВ,
жеке сот орындаушы

сайын жалақы түскеннен кейін үш күн ішінде алимент мөлшерін өндіріп алушыға аударуға міндетті. Осылайша бала 18 жасқа толғанға дейін жалақысынан ұсталып отырады.

Жауапкершіліктен жалтарып жүргендердің 97%-ы – ер адамдар. Қазақстанда алимент өндіру механизмі жетілдірілмеген. «Бізде алимент төлеуден жалтарып, өз бизнесін туыстарының атына рәсімдеуден бөлек, әйелдер арасында құқықтық сауатсыздық кең тараған. Мысалы, «Неке, ерлі-зайыптылық және отбасы туралы» кодекстің 151-152 баптарын білетіндер аз. Аталған баптарда ата-анасынан материалдық көмек болмаған жағдайда, кәмелетке толған ата-апаларынан алимент өн-

діріп алуға болатыны нақтыланған. Немерелері үшін жауапкершілікке не ата-әжелерден де алимент өндіріп алуға болады. Бірақ көптеген мәселелер реттелмеген.

«Неке және отбасы» туралы кодекстің 139-бабына сәйкес, сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-анасынан мынадай мөлшерде алимент өндіреді: бір балаға – ата-анасы табысының немесе өзге де кірісінің төрттен бір бөлігі, екі балаға – үштен бір бөлігі, үш және одан да көп балаға – тең жартысы мөлшерінде ұсталады.

Қазіргі күні жұмыссыз қалған борышкерлерге мемлекет тарапынан да үлкен қолдау жасалып жатыр. Жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа орналастыру мүмкіндігі бар. Алиментін уақытылы төлеуге ниетті азаматтар үшін бұл жақсы мүмкіндік. Кейде осындай жұмыстан бастартатындар көптеп кездеседі. Осындай әрекеттердің орын алуы жүздеген, мыңдаған баланы ата-анасы тиісінше қамтамасыз етпей отыр деген сөз.

Алимент төлемей жүрген адамның мүлкіне тыйым салу тәртібі қалай жүргізіледі деген сауалға оралатын болсақ, олар төмендегідей ретпен жүзеге асады:

Алимент талап етуші алиментті өндіріп алу үшін сотқа жүгінеді. Содан соң сот алимент төлеушінің қанша қарыз екенін есептеп, шешім шығарады. Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін (15 күннен соң) алимент талап етуші кез келген сот орындаушысына барады. Сот орындаушысы мәліметтер базасына тексеріс жүргізеді. Егер алимент төлеуші жалақы алатын болса, оның картасына тыйым салынады (арест). Көлігі, пәтері не акцияларының баржоғы тексеріледі. Егер алимент төлеуге қатысты бірнеше рет ескерту алып, сот орындаушымен сөйлеспей, жалтарып жүрсе, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

Жалпы, адамзат баласының ішімдіктен көріп келе жатқан зияны орасан. Ол өзәзіл – біреудің отбасын ойрандады, екіншісінің өмірін жалмады, енді бірінің жас өмірін қор қылды. Бұл тізімді жалғай берсек, адамзат баласының бұл дерттен көрген қорлығы тізбектеліп кете береді. Еңдеше, осыншама қасіретті әкелетін ұлы суға көпшілік неге үйір?

Статистикалық деректер арақұмарлардың тізімі азаймай тұрғанын көрсетеді. Бұрын бұл тізімде тек ересек ер-азаматтар болса, ендігі көрсеткішке әйелдер мен жасөспірімдер де қосылыпты. Тіпті, бұл статистиканы мас жүргізушілермен де толықтыра түсуге болады. Құзырлы орган қызметкерлері жол-көлік апатын жасап, өзге біреудің өліміне себепкер болып жатқан мас жүргізушілердің де көп екенін айтады. Орташа есеппен алғанда, Қазақстанда жыл сайын 30 мыңнан аса адам мас күйінде көлік рөліне отырады екен. Мәселен, ҚР Ішкі істер министрлігінің дерегіне, 2019 жылы 1000-нан аса адам осындай жүргізушілердің кесірінен жол апатына түсіп 200-ден аса адам ауыр жарақаттар алса, жүзден астамы қайтыс болған. 2020 жылы құзырлы органдар жол қозғалысына қатысты заңға түзетулер мен өзгертулер енгізіп, мас күйінде адам өліміне



себепші болған жүргізушіге он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырды. Маскүнемдіктен келетін зиянның ұшан-теңіз екенін сөз басында айттық. Жол-көлік оқиғаларынан бөлек, отбасы мәселелеріне қарай ойыссақ, бұл тұста да сан мыңдаған проблеманың тиегі ағытыла жөнеледі. Соның ішінде ең бастысы – әйел адамдардың ішімдікке салынуы. Қаншама отбасы маскүнем әйелдердің кесірінен масірет шегуде. Ер-азаматынан бөлек, өзі өмірге әкелген балалары да бұғанасы бекімей жатып, маскүнемдіктен келетін бақытсыздықтың зардабын тартып жүр.

Бүгінгі таңда Қазақстанда

100 мыңға жуық адам республикалық наркологиялық орталық тіркеуінде екен. Мамандардың айтуынша, бұл көрсеткіштер соңғы екі жылда тіпті көбейе түскен. Мәселен, нарколог дәрігер Гаухар Еркінбай: «Қазіргі тенденция кісі алаңдатарлық. Кейінгі кездері ішімдікке үйір адамдар қатары күрт артқан. Оған өзіміз де күнделікті куә болып жүрміз. Тіпті, бұған дейін арақты аузына алып көрмеген адамдардың өздері ішімдік іше бастады. Ол категорияда орта жастағы ер адамдар да, әйелдер де, жасөспірімдер де бар. Мұның себебін біз, әрине, ең алдымен отбасындағы әлеуметтік жағдайдың қиындығынан

көреміз. Өйткені бүгінгі таңдағы экономикалық жағдай, жасыратыны жоқ, ешкімге оңай тиіп жатқан жоқ. Ақша жетпейді, тұрмыс-тіршілігі нашар, табысы аз, жұмысы жоқ отбасылар мұндай қиындықтарға шыдамай маскүнемдік дертін көп жамап жатыр. Бұл мүлдем ақтауға да, жақтауға келмейтін мәселе. Бүгінгі таңда осындай мәселелерден кейін ерлі-зайыпты боп ішімдікке салыну оқиғалары көбейді, оның түбі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, ол өз кезегінде отбасындағы баланың күйзелісіне әкеліп соғып отыр. Ішімдікке үйір болған адамды емдеу де, мұндай күйден шығару да оңай емес. Адам ондай қадамға өз еркімен саналы түрде ден қойғанда ғана нәтиже болады. Оны өздеріңіз де күн сайын көріп жүрсіздер. Наркологиялық орталыққа біреу баласын, біреу әкесін, біреу ағасын, біреу анасын сүйреп келеді. Алты ай, бір жыл секілді мерзімге жатқызып та кетеді. Бірақ ол адам ой санасындағы араққа деген тәуелділікті жоймаса, шыға сап, қайтадан бұрынғы ортасына түсіп кетеді. Бұл өте жүрек ауыртатын қиын тақырып. Тез күйрегіш, психикасы

бұзылған адамды ішімдіктен ажырату кейбіреулер ойлағандай оңай емес. Иә, маскүнемдік жынысқа да, жасқа да қарамайды. Бұрын наркологиялық орталыққа келетіндердің 70% ер-азаматтар, 30% әйелдер құраса, қазір бұл көрсеткіште әйелдердің үлесі артқан. Мамандар, көпшілік айтатындай, әйелдер арасындағы маскүнемдіктің ер адамдарға қарағанда қиын болатынын жоққа шығарады. Маскүнемдіктің қайсысы болса да оңай емес, ол ер, әйел деп ерекшеленбейді. Маскүнемдік, емделуі қиын жүретін процесс екенін айтады. Оның тағы бір себебін дәрігерлер тұқымқуалаушылыққа жатқыза, келесі бір факторды адамның қоршаған ортасымен байланыстырады. Тұқымқуалаушылықтың мүмкіндігін 50/50 көрсеткішіне жүктесе, қоршаған орта факторын одан жоғары қояды. «Адамға қоршаған ортасы тікелей ықпал етеді. Мәселен, әйел адамның құрбылары ішімдікке үйір болса, ол да олардан алыс кете алмайды. Олардың бәрінің ішімдікке салынып кетпеуі мүмкін, бірақ ішіндегі стресске қарсы тұра алмайтын, психологиялық жағдайы тұрақсыз міндетті түрде тәуелділікке ұрынады. Кез келген қиындықтың шешімін бара-бара ішімдіктен табады. Ол адам «мен тәуелді болып қалдым,

маған көмектес» деп ешқашан айтпайды. Бұндай адамдарға мүмкіндігінше ішімдіктен және ондай адамдардың арбауынан алыс жүргені абзал», – дейді нарколог дәрігерлер. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, адам басына шаққанда, алкогольдік өнімдерді 8 литрден артық пайдаланатын елдердің генофоны үлкен дағдарысқа ұшырайды екен. Сондықтан әрбір адам ішімдікті тұтынар алдында отбасы алдындағы, қала берді ұлт алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет. Қандай қиындық, басына түскен ауыртпалық болса да, оның шешімі ішімдікте емес. Ішімдік адамды аздырады, отбасының берекесін қашырады. Балаларының бақытты балалығын ұрлайды. Ал, бұдан асқан қасірет жоқ. Отбасындағы қиындыққа шыдамаған жасөспірім де осындай қиын ортаға түсіп, өмірін талқандайтын ішімдікке, есірткіге ұрынуы мүмкін. Балалар статистикасы мен оның себеп-салдары туралы да мамандар осындай пікірде. Отбасы жүгін ер-азамат боп отағасы көтермесе, отбасы жылылығын әйел болып отанасы түсінбесе, бала үшін де, қоғам, ұлт үшін де бұдан өткен қайғы жоқ.

Нұрлан ДӘУІРҰЛЫ,
студент

БАЗЫНА

АҚША ӘКЕ МЕЙІРІМІНІҢ ОРНЫН ТОЛТЫРА АЛМАЙДЫ



Құрманғазы КӨПЖАСАР,
Алматы облысы
атқарушылық округінің
жеке сот орындаушысы

Алимент әке болмайды дегенді жиі айтамыз. Шынында ақшаның көмегімен әке мей-

ірімінің орнын толтыру мүмкін емес. Дегенмен, ай сайын баланың оқуына, күнделікті қажеттілігіне кететін қаржыны бөліп тұру ер-азаматтардың міндеті. Неке бұзылғанмен, азаматтар балаларының алдындағы жауаптылығын ешқашан ұмытпауы тиіс. Өкінішке орай, біздегі жағдай мүлде басқаша. Бүгінде өз баласына алимент төлеуден жалтарып жүрген әкелер баршылық. Тұрғылықты мекенжайын жасырып, нақты айлығын көрсетпеу үшін небір құйтқылыққа баратын азаматтардың оғаш әрекетіне таңғалатын кездеріміз көп.

Осыны салдарынан балаларға алимент өндіру өткір әлеуметтік мәселелердің бірі болып отыр. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 138-бабына

сәйкес, ата-аналар өздерінің көмектегі болмаған балаларын асырап-бағуға міндетті. Көмектегі болмаған балаларды күтіп-бағу тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Жауаптылықтан қашпайтын жандар баланың қажеттілігіне кететін қаржыны ақылдаса отырып шешіп, отбасылық мәселеге өзге жұртты араластырмайды. Бұлай болмаған жағдайда алимент өндіру мәселесі сот арқылы шешіледі. Сот орындаушыларының өндірісіндегі істердің басым бөлігін осы алимент өндіру бойынша сот шешімдері құрайды.

Қазіргі уақытта ажырасқан отбасылардағы балаларға қамқорлық тек аналардың мойнына түсіп отыр. Ал, әкелер өздерінің тікелей міндеттерінен бас тар-

тып қашуға тырысады. Бұл әкелерді жоқсыз алимент төлеушілер қатарына қосады.

Қазақстанда алимент төлеудің белгілі бір тәсілдері мен тәртібі бар. Қолданыстағы заңнама ерікті және мәжбүрлі тәртіптерді көздейді. Соңғысы сот немесе сот бұйрығы арқылы, ал ерікті тараптар жасасқан келісім арқылы анықталады. Алимент төлеу туралы жасалған ерікті келісімді мәжбүрлі түрде орындауға жол берілмейтінін атап өткен жөн.

Кодекстің 157-бабында алимент төлеуге міндетті адам мен оны алушы арасында, ал алимент төлеуге міндетті адам немесе алимент алушы әрекетке қабілетсіз болған жағдайда осы адамдардың заңды өкілдері арасында алимент төлеу туралы келісім жасасу көзделген.



БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Әр байқаудың мақсаты, межесі бар. Қазіргі шырқалып жүрген патриоттық әннің, алдастан жырдың, көркем шығарманың біразы сол байқаулар дүниеге келген.

Байқау – ой қозғаушы, шабытты қамшылаушы. Сондықтан мұндай шығармашылық додаларды өткізіп, сынақты түрлендіріп, жандандырып отырудың маңызы зор. Былғы детектив шығармалар байқауының да шартына біраз өзгеріс енгізуіміздің себебі осы.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа-тұс келген байқау жүлдегерлерін бұл жылы қасиетті Түркістанда анықтамақпыз. Әрі былғы додаға Түркістан облыстық соты қолдау көрсетіп отыр. Соған орай түркістандық судьялардың еңбегін шығармаларға өзек етсек, деректі детективті дамытуға қадам жасасақ дегенбіз. Байқаудың өн бойына қан жүгіртсек әрі осы өңірдің шытырман шығарма шеберлерін ынталандырамыз деген де ойымыз болды.

Мұндай қадамға баруымыздың тағы бір себебі: Біріншіден, кейбір үміткерлер бұрын жазған дүниелерін қайталап жібереді. Тіпті, былғы жылда алмаған шығармасын келесі жылы бәйгеге қайта қосқандар да болды.

Екіншіден, қырық жыл бұрын жазған кітабынан үзінді ұсынғандары да көрдік.

Үшіншіден, біреудің шығармасын сәл өзгертіп жолдағандар да бар.

Ал мына шарт – байқауға жаңа туындылар жаздыруға таптырмас мүмкіндік. Әрі ол үшін арнайы жылда де қарастырылған. Сондықтан, қаламдарыңызды сайлап, шабыттарыңызды шақыра беріңіздер!

Ескерте кетейік, БҮЛ БАСҚА ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУҒА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!!!

Біздің байқау үшін жазылған, ең мықты, ең шебер, ең көркем шығарма иесі – ЖҮЛДЕГЕР болады!

Шығармаларыңызды «Байқауға!» деген белгімен zangazet@mail.ru поштамына жолдаңыздар.

ШАРА

КІТАП – АЛТЫН ҚАЗЫНА



Ұйымдастырушылар әдебиет сүйер қауымды арнайы даярлаған ән-шашуымен де тәнті етті. Әдебиет әлемінде өз орны бар деген мықты тұлғалармен таныстыру жұмыстары жүргізіліп, шараға қатысушы азамат-

тарымызға рухани құндылықтың қажеттілігі, ел тарихына тікелей әсері айтылды.

Р. МАКСУТОВ,
Алатау аудандық ПКБ бастығы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АЛАТАУ АУДАНДЫҚ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ ЖӘНЕ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ЖАНЫНДАҒЫ «JAS OTAN» ЖАСТАР ҚАНАТЫМЕН БІРЛЕСІП ПРОБАЦИЯ ЕСЕБІНДЕ ТҮРҒАН СОТТАЛҒАНДАР АРАСЫНДА «ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЗАМАН» АТТЫ ТАҚЫРЫБЫНДА БАСҚОСУ ӨТКІЗДІ. ШАРА АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ «JAS OTAN» ЖАСТАР ҚАНАТЫНЫҢ КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫНДА ОФЛАЙН ТҮРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Қазақ әдебиетіндегі құнды туындыларды насихаттау, жастарға рухани-патриоттық тәрбие беру, іс-шараға қатысушыларды кітап және көркем әдебиет оқуға баулу, сонымен қатар жастардың дүние танымы мен ойлау қабілетін арттыру – шараның басты мақсатына айналды.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «Онар Бастау» ЖШС, БСН 130840004691, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру шыққаннан кейін екі ай мерзімде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Х.Чуринов көшесі, 78.

4. «Өңір қызметі» ЖШС-і, БСН 120540004024, өзінің таратыла-

тындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады. Қазақстан, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, көшесі Нығымет Мырзалиев, құрылыс 24, индекс 120200, тел: 8-7779598881, электрондық адрес: jkh_00@inbox.ru

ӨРТҮРЛІ

5. ҚР, 140600, Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы, Тереңкөл ауылы, Гагарин к., 15 мекенжайы бойынша Тереңкөл ауданының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жөлаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің ШЖҚ «Бастау-су арнасы» МКК құрылады.

6. «Байбута» ЖШС, БСН 210640003158, «АБОЛ-АСТЫК» ЖШС, БСН 080740020310 қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар: ҚР, Ақмола обл., Егіндікөл ауд., Егіндікөл ауылы, Береговая көш., 19-үй, 2-пәтер мекенжайы бойынша қабылданады.

11. Қостанай облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 11 қазандағы ұйғарымымен «SHER-777» ЖШС-не, БСН 051140004483, қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалды.

12. «Біріккен химиялық компания» ЖШС, БСН 090140015077, Жалғыз қатысушының қабылдаған шешімі (Самұрық-Қазына) АҚ басқармасының 2021 жылдың 15 қыркүйегі № 40/21 шешіміне негізінде, жарықтық капиталы 367 472 458 800 теңгеге дейін төмендету туралы хабарлайды. Кредит берушілердің талаптары осы хабарландыру жарияланған күнінен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда: ZOSTIX, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан, Есіл ауданы, ул. Сығанақ, 17/10, 5-қабат немесе office@ucc.com.kz электрондық пошта арқылы қабылданады.

2. 2021 жылдың I қазанына Ақтөбе облысы бойынша бюджеттің орындалуы 2021 жылдың I қазанына облыс бюджетінің кірістері республикалық бюджеттен түскен трансферттерді қоса алғанда 113,2 пайызға орындалды, жоспар 231 506 067,2 мың теңге кезінде кассалық орындалуы 262 019 959,8 мың теңгеге құралды. Бюджеттің шығыс бөлігі трансферттерді қоса алғанда 99,5 пайызға орындалды, жоспар 258 162 636,2 мың теңге кезінде 256 834 864,7 мың теңгеге игерілді. Облыс бойынша бюджеттің шығындарын игеру мынадай деректермен сипатталады:

Атауы	2021 ж. I қазанына			Орындалуы %
	Жоспар	Кассалық орындалуы	Орындалуы %	
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	8 683 683,5	8 565 316,7	98,6	
Қорғаныс	982 521,8	982 140,3	100,0	
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	5 798 466,3	5 798 448,4	100,0	
Білім беру	105 908 910,6	105 781 592,6	99,9	
Денсаулық сақтау	6 316 151,5	6 043 288,7	95,7	
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	11 858 327,9	11 842 708,7	99,9	
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 616 511,7	22 354 417,1	98,8	
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңестік	11 663 062,2	11 650 466,9	99,9	
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	5 189 888,3	5 184 236,2	99,9	
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	26 412 223,6	26 379 157,5	99,9	
Өнеркәсіп, саудат, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 354 087,7	1 353 531,1	100,0	
Көлік және коммуникация	6 316 151,5	6 043 288,7	95,7	
Басқару	17 257 831,5	17 082 695,0	99,0	
Борышқа қызмет көрсету	1 311 575,0	1 311 565,8	100,0	
Транспорттар	7 814 107,4	7 814 107,4	100,0	
Қарыздарды өтеу	8 867 595,9	8 867 592,7	100,0	
Жалпылығы	258 162 636,2	256 834 864,7	99,5	

Бюджеттік саланың қызметкерлеріне жалақы төлеу жөніндегі шығындары қаржыландыру өз уақытында және толық қамтамасыз етілді.

МҰРАГЕРЛІК

7. Мамаев Ерик Бейшенбаевич қайтыс болғаннан кейін мұрасы ашылды, қайтыс болған күні 24.08.2021 ж. Мұрагерлер нотариус Н.М. Сейсенбаеваға хабарласулары қажет: Алматы қ., Шұғыла ауд., үй 347/2. Тел.: 87783104581, 87014356440.

8. 2021 жылы 19 ақпанда қайтыс болған Рузиева Гули Аширванович артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус С.А. Жумадулаеваға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауд., Шелек ауылы, Малай Батыр көш. н/ж, тел.: 87277624610.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, БП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7768847211, 8-7053506918

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SARA KAZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА-ЖА») директоры Қовиллова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Илев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банкінің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Релама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел./факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отан» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-226-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265056.

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIVOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kайфураева@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetytsaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мухаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

БЕЗБЕН

Бұған дейін қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қаралса, енді сот ісін жүргізудің жаңа институты, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енді. Әкімшілік әділеттің өркендеуіне жол ашатын бұл құжат 1 шілдеден бастап қолданыста.

ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН ҚҰЖАТ



Роза САРИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы
Бәйтерек аудандық сотының төрағасы

Қоғамның қызу талқысына салынып, заңгерлердің үлкен елегінен өткен жаңа заңнама мемлекеттік құрылымда, қоғамда бетбұрыс жасайтын тың жанаңшылыққа толы. Кодекс жария-құқықтық дау кезінде мемлекеттік құрылымдар мен қарапайым азаматтардың теңдей мүмкіндікке ие болуын қамтиды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің мақсаты – мемлекеттік, әкімшілік құрылым мен жеке тұлға арасындағы дауды тиімді шешу. Яғни, бұрын мұндай істер (жеке тұлға мен мемлекеттік құрылымның қатысуымен болатын істер) азаматтық соттарда қаралып келгендіктен, мемлекеттік ұйымдардың бәсі басым болатын. Іс сотқа жеткен кезде шешім көбіне мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлғаның пайдасына шешілетін. Себебі, мемлекеттік органдардың қолында барлық ресурс бар. Ал қарапайым адамда ондай әлеует жоқ еді. Осы себептен мұндай дауларда қолында билігі бар мемлекеттік мекеме жеңіске жететін.

Жаңа кодекске сәйкес, мемлекеттік құрылым мен квазисектор өкілдері тек жауапкер болып табылады. Сонымен қатар, жаңа заң бойынша судья шешім шығарып қана қоймай, оның орындалуын қадағалайды. Лауазымды тұлға немесе жауап беруші тарап шешімді орындамаған жағдайда олардан 50-ден 100 АЕК мөлшерінде қаржы өндіріледі. Шешім орындалмайынша, судья ол адамды жауапкершіліктен босатпайды.

Әкімшілік процестің азаматтық процестен ең басты айырмашылығы – соттың белсенді болуы. Енді судья тараптар ұсынған дәлелдермен шектеліп қалмайды. Өзі байқап, көріп отырған құқықтық салдарды жойып, өз

бастамасымен жаңа анықтама, құжат, дәлелдер сұрата алады. Кодекске сәйкес дәлелдеу міндеті даулы актіні шығарған немесе қабылдаған мемлекеттік органға жүктеліп отыр.

Сондай-ақ, бұл кодекс қолданысқа енгізілгеннен кейін, «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңы, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 27,28,29-бөлімдері ӘРПК-ға өтіп, күшін жойды. Кодекс тараптардың қоғамдық-құқықтық даулары бойынша қатынасын және әкімшілік процедураның өзін реттейді. Азаматтар мемлекеттік немесе әкімшілік органмен, басқа да лауазымды тұлғалармен дау туындаған жағдайда әкімшілік соттарға жүгіне алады.

Кодексте тараптарды ымыраға келтіру шараларын белсенді қолдану да ұсынылған. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды тартиптивтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Құжат құрылымы бойынша екі бөлікке бөлінеді: бірі – рәсімдік, екіншісі – сот ісін жүргізу бөлігі. Рәсімдік бөлік мемлекеттік органдардың рәсімін, соның ішінде мемлекеттік орган өкілеттігі мен әкімшілік актінің қабылдануы мен шағымдалуы тәртібін айқындаса, сот ісін жүргізу бөлігінде талап қою түрі, істерді қарау тәртібі, сот шешімі, сот бақылауы секілді іс жүргізу тәртібі бекітілген.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

Әкімшілік әділет «Халыққа құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асты. Ендеше, тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында іске асырылып отырған әкімшілік реформа сот жүйесіне ғана емес, азаматтар үшін де тиімді болып, халықтың сотқа деген сеніміне селкеу түсірмейді деген ойдамыз.

ТАҒЫЛЫМ

ХАН – ҚАЗЫҚ, БИ – ТОҚПАҚ

Қазақ қоғамында билер ешқашан сайланбаған, тағайындалмаған. Би лауазымына бекіту деген атымен болмаған. Бұл қызмет атадан балаға мұра болып та қалмайтын. Төрелік ететін адамның бойынан бірнеше қасиет табылуы тиіс еді.

Би ең алдымен қазақтың дәстүрлі әдет құқығын жете білуге міндетті, би болудан үміткердің шешендік өнер мен аталы сөзді жақсы меңгеруі қажет, барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ болуы шарт. Өзінің беделіне дақ түсірген би сот ісіне араласу құқығынан айырылды. Дала тұрғындары өзіне жүгінуін тоқтатқан кезден бастап ол би аталудан қалады. Өз ұлының бойында би болар-

лық қасиеті бар екенін байқаған ата-ана оның дүниеге көзқарасын дұрыс қалыптастыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Оны жас кезінен атақты билердің нөкері қатарына қосуға тырысты. Сөйтіп бала жастайынан даналықтың, сот билігінің небір нәзік тұстарын меңгеруге ден қоятын. Болашақта би болудан үміткер бала қылмыстық істер қаралатын сот процесіне үнемі қатысып отырған.

Дәстүрге сай ежелгі салт-жоралар қатан сақталды. Билер соты дауға әділ билік айту принципі бойынша жүргізілетін. Билер сотының бір артықшылығы ол халықтың көз алдында ашық өткізілетін, оған кез келген адам өзінің қалауынша қатыса алатын.

Билердің әділетсіз шешіміне шағым жасау өте сирек кездесетін. Би өзінің сіңірген еңбегі үшін «бидің билігі» деген сыйақы алатын. Ол кінәлі жақтың есебінен өндірілетін.

XVIII ғасырда мемлекеттік және қоғамдық қызметінің маңыздылығы, шешендік өнерінің күші мен поэтикалық шеберлігі жағынан Қазақстан тарихында өшпес із қалдырған атақты билер болды. Олар: ұлы жүздегі Төле би, орта жүздегі Қазыбек би, кіші жүздегі Әйтеке би.

А.СА.ЛИХОВА,
Жәнібек аудандық сотының кенес меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Жанхмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамдиев 8 747 746 49 82.

БАҒДАР

АЖЫРАСУДАН БАЛАЛАР ЗАРДАП ШЕГЕДІ



Анар ТОЛЫҚБАЕВА,
Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

Қазақ ежелден жетімін жылдапаған, жесірін қаңғытпаған. Өкінішке қарай, жылдар ағысымен осынау асыл қасиетімізден ажырап қалдық. Бүгінде ұл-қызын жалғыз өзі тәрбиелеп отырғандармен қатар, бауыр еті баласынан бас тартып, безінгендер де көп. Ресми мәліметке сәйкес Қазақстанда әрбір үшінші жұптың некесі бұзылады. Соттарға түсетін талап арыздардың аз еместігін осыдан-ақ көруге болады. Ажырасудың кесірінен ай мен күннің аманында балалар «тірі жетім» атануда.

Мұны айтып отырғанымыз, бала бар асыл қасиетті отбасында сініреді. Отбасындағылардың бір-біріне құрметі, өзара сыйластығы, қамқорлығы арқылы елге, жерге деген сүйіспеншілік қалыптасады. Осы себепті де, бабаларымыз әрбір құрылған отбасының босағасы берік болуына ерекше мүдделілік танытып, шаңырақтың шайқалмауына атсалысқан.

Осынау жақсы үрдіс соңғы

жылдары ҚР Жоғарғы Сотының тарапынан жаңғыртылып, «Отбасылық сот» пилоттық жобасы арқылы өмірге енді. Бұған, әрине, неке бұзу талап арыздарының күн санап артуы себеп болды. Аталған жоба аясында барлық аймақта отбасы орталықтары құрылып, оған судьялармен бірге арнаулы мамандар, нақты айтқанда, психологтар, кәсіби, сондай-ақ, кәсіби емес медиаторлар, білім, медицина, т.б. мекемелердің өкілдері тартылды. Орталықта мамандар ерлі-зайыптыларға ғана емес, олардың балаларына да ақсыйз қызмет көрсетіп, дағдарыстан шығуына жәрдем береді. Сонымен қатар, олар ажырасудан өзге амал таппай, тығырыққа тірелген жұптарды райынан қайтарып, татуласуына, отбасының сақталуына мүмкіндігінше атсалысады. Осындай тың бастамалар нәтижесінде отбасылық дауларды сотсыз шешудің тиімді тетігі қалыптасқанына ел куә.

Өңірдегі отбасылық дауларға қатысты істің көбісі Ақтау қаласының №2 сотында қаралады. Толық бір жылдың қорытындысын келтірсек, былтыр сотқа неке бұзу туралы 1177 талап қою арызсы түскен. Тараптар 303 іс бойынша татуласып, 92-сі қайтарылды және 74 іс қараусыз қалдырылды. Биылғы тоғыз айда 989 талап қою арызсы түсті. Өкініштісі, неке бұзу туралы талап қою арызсын беретіндердің көбі отбасын құрғанына жыл толмаған жастар. Олар шаңырақ көтеріп, үй болғанымен жұбайлық өмір, дүниеге келетін бала алдындағы жауапкершілікті толық сезіне бермейді.

Азаматтық процестік кодекстің талабына сай, неке бұзу туралы талап қою арызсы бірден татуластырушы судьяға түседі. Судья мұқият зерделеп, ажырасуға дейін әкелген себептерді анықтайды. Содан байқағанымыз, екі жаққа кетуге түпкілікті шешім қабылдайтындардың басым көпшілігі

әйелдер. Алға тартатын себептері де ұқсас, мысалы, арқа сүйер азаматтың зорлық-зомбылық көрсетуі, ойынқұмарлығы, жұмыссыздық, ішімдікке салынуы, т.б. Судья он жұмыс күнінің ішінде ерлі-зайыптыларды татуластыруға бар мүмкіндігін сарқа жұмсайды. Осы уақытта олар татуласса, ары қарай іс қозғалмайды. Айта кетерлігі, арада бала болса, неке бұзу талап арызымен қатар алимент мәселесі де қаралады.

Егер ерлі-зайыптылар он күнде татуласпаса, олардың ойлануына тағы да жиырма жұмыс күні беріледі. Өйткені, заңның да, соттың да басты мақсаты – отбасын сақтап қалу. Жоғарыда айтқанымыздай, Ақтау қаласында да отбасы орталығы бар. Судьялар Қазақстан халқы ассамблеясының ғимаратынан ашылған орталыққа, сонымен қатар, АХАТ бөлімдеріне барып ерлі-зайыптылармен әңгімелеседі. Отбасы орталығының соттан тыс аумақта ашылуының себебі, азаматтар сот ғимаратында өздерін еркін сезіне алмайды. Сондықтан, оларға барлық жағғынан жайлы жағдай жасалды. Орталықта балаларға арналған бөлме бар. Тараптар судьямен сөйлесіп жатқанда балалары арнайы мамандардың қарауында болады.

Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов айтқандай, «Тәртіп пен заң өзгерсе де, отбасылық құндылықтар өзгермейтін киелі әрі мәңгілік құндылықтар. Барлық жақсылық атаулы отбасынан бастау алады». Сондықтан, отбасылық қиындықты шешуде тек сотқа жүгірмей, осындай орталық мамандарының көмегіне сүйенуге болатынын қаперде ұстаған абзал. Бүгінгі күні отбасын сақтаудағы жетістіктерді «Отбасылық сот» жобасы аясында атқарылып жатқан іс-шаралардың жемісі деуге толық негіз бар.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҮКІМ

МОРАЛЬДЫҚ ЗАЛАЛДЫҢ ҚҰНЫ – 20 МИЛЛИОН

Ақтөбеде заңсыз сотталып, түрмеде 2 жыл отырған азамат мемлекеттен өтемақы өндіріп алды. Жазықсыз қамауда болған азамат бостандыққа шыққаннан кейін сотқа шағым түсіріп, 90 миллион теңге моральдық өтемақы талап еткен.

Іс құжаттарына қарағанда, 2018 жылы «Казворчермет»АҚ Ақтөбе филиалының басшысы қара металл сынықтарын сатып алу кезінде 16 миллион теңгені ұрлады деп айыпталған. Сот оны кінәлі деп танып, 7 жылға бас бостандығынан айырады. Алайда екі жылдан соң Жоғарғы Сот қылмыстық істі қайта қарап, үкімнің күшін жойды. Сөйтіп, Жоғарғы Сот ақтөбелік Ардақ Темірхановтың ісін Ақтөбе облыстық сотына қайта қарауға жіберген. Бұл жолы апелляциялық сот алқасы сотталушының іс-әрекетінде қылмыстық құрамның жоқтығын айтып, оны ақтап шықты.

Ақталған азамат сотқа шағым түсіріп, мемлекеттен моральдық және материалдық залал ретінде 90 миллион теңге төлеуді талап етті. Оның айтуынша, ол ұзақ уақыт бойы компанияда басшылық қызметте жұмыс істеп, металл сынықтарын дайындау, сақтау, өңдеу саласында коммерциялық қызметті жүзеге асырған. Үш баланы тәрбиелеп, өсірген. Үлгілі отағасы болған. Алайда ол жасамаған қылмысы үшін заңсыз айыпталып, іскерлік беделіне нұқсан келген. Түрмеде отырған кезде оның денсаулығы нашарлаған. Бас

бостандығынан айырылғандықтан, ағасының жерлеу рәсіміне де қатыса алмаған. Ол осы уақыт аралығында шеккен азабын 90 миллион теңгеге бағалап, соттан оны өндіруді сұрады. Әрі ол сотта өзінің кінәсіздігін дәлелдеу үшін адвокаттарға 3,5 миллион теңге жұмсағандығын да айтты. Ақтөбе соты оның талабын ішінара қанағаттандырды. Сөйтіп өтемақы ретінде Қаржы министрлігінен 29 миллион теңге өндірілетін болды. Оның 20 миллионы моральдық өтемақы болса, қалғаны заңдық шығындар мен алынбаған табыс үшін төленген.

– Сот талапкердің шағымын қанағаттандырды. Өйткені заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тарту салдарынан талапкердің моральдық және материалдық азап шеккені күмән туғызбайды. Сот мөлшерді айқындау кезінде парасаттылық пен әділдік қағидатын ескере отырып, моральдық зиянның мөлшерін 20 млн теңге көлемінде бағалау орынды деп санады. Ұсынылған және зерттелген дәлелдемелерді ескере отырып, сот талапкердің материалдық залалды өтеу бөлігіндегі талабын негізді және қанағаттандырылуға тиіс деп есептеді, – деп хабарлады облыстық соттың баспасөз қызметі

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31